



«Бекітемін»


№296 орта мектеп директоры

Б.С.Тумурзаев

2025 ж.

«Келісілді»

№296 орта мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 А. Бисенова
« 1 » мәселесі 2025 ж.

2025-2026 оқу жылындағы «Келешек»

дебат клубының жылдық жоспары

«Келешек» дебат клубының жетекшісі: Нурдавлатова Клара

Қызылорда, 2025-2026 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

«Пікір-сайыс – сөз додасы» білім беру бағдарламасы – білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Бұл бағдарлама оқушылар мен ұстаздарды пікір-сайыстарға тартуға, өз бетімен ізденуге, білім алу және шығармашылық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі бір тақырып бойынша мәлімет жинақтап, оларды қарама-қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырады. Олар – жақтау және даттау топтарының кейстері. Осы арқылы оқушылар кез-келген мәселеге бір жақты көзқараста болудан арылып, терең және сын тұрғысынан ойлауды үйренеді. Сонымен қатар, сыныптағы әр оқушыны (парламент мүшелерін) бөлудің түрлі жолдарын қарастыруға мүмкіндік туады. Мысалы: психологиялық тренингтер, сергіту, ойын элементтері немесе «жуан-жіңішке» стратегиясы арқылы сұрақтар жүйесін қолдану сияқты әдістерді пайдалану мүмкін.

Жалпы, пікірталас, талқылау, дискуссия, диалог – бір мәселені көпшіліктің талқысына салып, ақиқатқа жетудің тиімді формалары болып табылады. Алайда олардың өз ерекшеліктері бар. Ең алдымен, пікір-сайыс тақырыбының күрделілігі маңызды: бір мәселе бойынша біз ақиқат деп білетін нәрсе басқалар үшін мүлде басқаша болуы мүмкін. Пікірталас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әртүрлі болуы заңды. Пікір-сайыстар тараптарға ой бөлісуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін анықтап, оларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Қысқаша айтқанда, ақиқатқа жетудің ең сенімді таразысы – көзқарастар бәсекесі. Бағдарлама әдебиет, тарих пәндеріндегі заманауи өзгерістерді жаңа көзқараспен қарауды қажет ететін тақырыптарды қамтиды. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және басқа да аспектілерді меңгеруді талап етеді. Үлкен додалар өткізу арқылы оқушылардың лидерлік қасиеттерін анықтауға септігін тигізеді.

Бұл бағдарлама оқушыны өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан бағалай білетін, шешім шығаруда басқалардың ойын таразылай алатын және өз ойын сенімді жеткізе алатын тұлға ретінде қалыптастырады. Оқушы әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлап қана қоймай, оның тарихын, маңыздылығын, өміршендігін, пайдасы мен зиянын да саралай алады.

Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары сияқты ұйымдастырылуы мүмкін, бірақ айырмашылығы сол, олимпиадада оқушылар тек бір пән бойынша білімдерін көрсетсе, пікір-сайыста олар жан-жақты және әртүрлі салалардағы білімдерін көрсете алады. Бұл үйірме оқушының тұлға және азамат ретінде дамуына, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етеді. Сонымен қатар, пікір-сайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі.

«Келешек» дебат клубының мақсаты:

Заман талабына сай, саласы бойынша білімді, адами құндылықтарды бойына сіңірген, айналасына сыни көзбен қарай білетін және қоғамдық өмірге белсенді араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту, мектеп ішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Сонымен қатар мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау, оларды мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру арқылы тәжірибе алмасып, үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Дамытушылық:

Шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту, жоспар құру және тезис жазу дағдыларын дамыту.

«Келешек» дебат клубының міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беру;
- Шешендік өнері мен жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікірсайыс деңгейін көтеру;
- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өз Отаны – Қазақстанды құрмет тұтып, елінің басты құндылықтарына мақтаныш сезімін қалыптастыру;
- Оқушылардың жауапкершілігін және танымдық қабілеттерін әртүрлі пікірталастар арқылы шындау;
- Оқушыларды коммуникативтік дағдыларға, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне баулу және өз ойын дәлелдей білуге үйрету;
- Оқушының өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгелерді бағалай білуге үйрету;
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына және атамекеніне деген патриоттық сезімді қалыптастыру;
- Білікті, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру;
- Мектептің үздік оқушыларын анықтап, оларды аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтарын тәрбиелеу;
- Басқа адамдардың көзқарастарын ескеріп, озық ойлы азаматтар қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландыру;
- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауына, пікір алмасуына, диалог орнатуына мүмкіндік туғызу;
- Саяси сана сезімін қалыптастыру, қоғамға көзқарасын жетілдіру;
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгеру;
- БАҚ құралдары мен кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметтерді ала білу;
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысу;
- Заман талабына сай туындайтын жастардың өзекті мәселелерін талқылап, оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.
-

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Американдық Парламент форматы, 2000 жыл
2. Американдық Парламент форматы дебат элементтері, 2004 жыл
3. СТО жобасының тұрақты журналы «Дауыс пен көрініс»
4. Мектеп және жоғары оқу орындары: ой қозғағыштар, ізденістер, табыстар, 74 бет, 2005 жыл
5. Халықаралық ғылыми-әдістемелік журнал «Перемена», 2008–2010 жыл
6. «Қазақстан мектебі» журналы №3, 2012 жыл, 25 бет, 56 бет, «Толерантты тұлға», 60 бет
7. «Қазақстан мектебі» журналы №2, 2012 жыл, 33 бет, «Ұлттық құндылықтарды танытудағы педагогикалық технологиялардың маңызы»
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008 жыл
9. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығы «Аруана», 2005 жыл
10. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, Алматы, 1999 жыл, №2, 3, 7, 10
11. «Сөз өнері», 3. Қабдолов
12. «Әдебиет теориясы», Қ. Жұмағалиев
13. «Қазақ халқының философиялық мұрасы», 2007 жыл